**Азаматтық авицияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидаларын бектіу туралы**

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 329 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 шілдеде № 15323 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-71) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөнінде жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
_______________ Е. Біртанов
2017 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 6 маусымдағы
№ 329 бұйрығымен
бекітілген

## Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-71) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияда жолаушыларға медициналық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Халықаралық ұшуларды орындау кезінде осы Қағидалар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, сондай-ақ аумағында, аумағынан немесе аумағы арқылы осындай ұшулар жүзеге асырылатын елдің заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

3. Әуе кемесінің бортында әуежолаушыларға, кейбір жағдайларда әуе кемесінің экипажына дәрігерге дейінгі, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Медициналық көмек көрсету кезінде, оның ішінде шетелдік авиажолаушыларға жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды пайдалануға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруден және тіркеуден өтпеген медициналық бұйымдарды қолдануға, сондай-ақ науқастың қолындағы медициналық заттар мен медициналық бұйымдарды медициналық қызметкердің тағайындауынан басқа жағдайларды қоспағанда пайдалануға рұқсат етілмейді.

Науқаста бар және дәрігер тағайындаған медициналық бұйымдарды пайдаланған кезде Әуе кемесінің бортында медициналық көмек көрсету бланкісінде (бұдан әрі - Әуе кемесінің бортында медициналық көмек көрсету бланкісі) жазба жазылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) авиакомпания – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты бар заңды тұлға;

2) азаматтық авиация ұйымы – азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) алғашқы көмек – бұл оқиға орнында зардап шегушінің өзі (өзіне-өзі көмек көрсету) немесе жақын жердегі басқа адам (өзара көмек) медицина қызметкерлері келгенге дейін жүргізетін, шұғыл жағдайлар кезінде адамның өмірін құтқаруға, асқынулардың алдын алуға арналған, сондай-ақ кезек күттірмейтін жағдай кезінде зардап шегушінің денсаулығы мен өміріне қауіп-қатерді төмендету мақсатындағы жедел базалық іс-шаралар кешені.

Алғашқы көмекті медициналық білімі жоқ, оның ішінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті даярлықтан өткен адамдар көрсете алады;

4) алғашқы көмек жиынтығы "first aid kit" (бұдан әрі – алғашқы көмек жиынтығы) – әуе кемесінің бортында алғашқы көмек көрсетуге арналған медициналық бұйымдар;

5) әуежай – әуе кемелерін қабылдауға және жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін әуеайлағы, аэровокзалы, сондай-ақ басқа да қажетті құрылыстары мен жабдықтары бар құрылыстар кешені;

6) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

7) әуе кемесінің ұшуы – әуе кемесінің ұшып көтерілу кезіндегі екпін алудан (тік ұшып көтерілген кезде жер немесе су бетінен ажыраудан) бастап жүру аяқталғанға ( ұшу-қону жолағын аялдамай босатқанға дейін) немесе тік қонған кезде жер (су) бетіне жанасқанға дейін әуе кемесінің жер (су) бетімен және әуе кеңістігінде қозғалуы;

8) әуе кемесінің экипажы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте ұшуды орындау

бойынша әуе кемесін басқару және оған қызмет көрсету жөніндегі белгілі бір міндеттерді атқару тапсырылған авиация персонал;

9) әмбебап профилактикалық жиынтығы "universal precaution kit" (бұдан әрі – әмбебап профилактикалық жиынтығы) – әуе кемесінің бортында жұқпалы ауруларға, карантинді жұқпаларға, контагиозды вирусты геморрагиялық қалтырауға, безгекке және этиологиясы анық емес аурулармен ауруларға күдікті науқас адам (мәйіт) анықталған жағдайларда бастапқы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған медициналық бұйымдар мен басқа да құралдардың жиынтығы;

10) бортсерік – қауіпсіздік мүддесінде және жолаушыларға қызмет көрсету және ( немесе) жүктерді тасымалдау мақсатында әуе кемесінің бортында оған әуе кемесінің пайдаланушысы немесе командирі тапсыратын, бірақ ұшу экипажының мүшесі болып табылмайтын міндеттерді орындайтын авиация персоналына жататын тұлға;

11) борттық дәрі қобдишасы – дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге, сондай-ақ жұқпалы аурулардың таралуының алдын алуға арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жиынтығы;

12) дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлері дербес немесе денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейін диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен емшараларды орындауды және науқастарға, мүгедек адамдар мен хал үстіндегі адамдарға күтімді қамтитын мультипәндік команда құрамында көрсететін медициналық көмек;

13) дәрілік зат затты не заттардың комбинациясын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;

14) деконтаминация – адам немесе жануар денесінің үстіндегі, тұтыну үшін дайындалған өнімдегі немесе өнім ішіндегі, не басқа да заттардағы, оған қоса жолаушылардың денсаулығы үшін қауіпті тасымалдау құралдарындағы жұқпалы және уытты агенттерді жоюға арналған рәсім;

15) жолаушы – экипаж құрамына кірмейтін және әуе тасымалы шартына сәйкес немесе өзге де заңды негіздерде әуе кемесімен тасымалданатын жеке тұлға;

16) жолаушылар салоны – әуе кемесі жолаушылар кабинасының жолаушылар креслоларымен жабдықталған және жолаушыларды орналастыруға арналған бөлігі;

17) инфекциялық және паразиттік аурулар – өмір сүру ортасының биологиялық факторларының әсерінен пайда болатын және таралатын, ауырған адамнан, жануардан сау адамға жұғу ықтималдығымен байланысты адам аурулары;

18) кабиналық экипаж мүшесі – қауіпсіздік мүддесіне орай және жолаушыларға қызмет көрсету және (немесе) жүктерді тасымалдау мақсатында әуе кемесінің бортында пайдаланушы немесе әуе кемесінің командирі өзіне тапсыратын міндеттерді орындайтын, авиация персоналына жататын, бірақ ұшу экипажының мүшесі болып табылмайтын тұлға;

19) кезек күттірмейтін медициналық көмек - пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек;

20) медициналық құралдар жиынтығы "medical kit" (бұдан әрі – медициналық құралдар жиынтығы) – әуе кемесінің бортында медициналық жәрдем көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар жиынтығы;

21) медициналық пункт – осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес медициналық көмек көрсететін азаматтық авиация ұйымының құрылымдық бөлімшесі;

22) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

23) ұшуға арналған тапсырма – ұшу (ұшулар) бағыты мен мақсатын айқындайтын, экипаж, әуе кемесі туралы қажетті мәліметтерді қамтитын белгіленген нысандағы құжат;

24) ұшу қауіпсіздігі – ұшудың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралар кешені, бұл ретте адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру немесе мүлкіне залал келтіру тәуекелі шекті деңгейге дейін төмендетіледі және қауіптілік көздерін анықтаудың және тәуекел факторларын бақылаудың үздіксіз процесі арқылы осындай не бұдан да төмен деңгейде сақталады;

25) ұшу экипажының мүшесі – авиация персоналына жататын, авиация персоналының қолданыстағы куәлігі бар, ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқаруға байланысты міндеттер жүктелген тұлға;

26) халықаралық ұшу – ұшу кезінде әуе кемесі шетел мемлекеттерінің шекарасын кесіп өтетін ұшу;

27) шұғыл медициналық көмек - денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және ( немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде көрсетілетін медициналық көмек.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Әуежайдың медициналық пунктінде және әуе кемесі тұрақта тұрған кезде оның бортында медициналық көмек көрсету тәртібі**

7. Медициналық пункттің (бұдан әрі – медпункт) қызметкерлері әуе кемесінің жолаушылары мен экипажына әуежай аумағында, сондай-ақ әуе кемесі тұрақта тұрған кезде оның бортында медициналық көмек көрсетеді.

8. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Медпунктте медициналық қызметтер кешенін және әуежай аумағындағы санитариялық эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын тәулік бойы медициналық бақылаусыз шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек нысандарында медициналық көмек көрсетіледі.

Медициналық пункттің қызметі осы Қағидаларға 4-тарауға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Бортта медициналық көмек қажет науқас жолаушы бар екендігі туралы хабарламаны алған кезде, медпункттің медициналық қызметкері әуе кемесінің тұрақта тұрған кезінде келіп, науқасқа тиісті көмек көрсетеді және жолаушының одан әрі қарай ұшуы (емханаға жатуы) туралы шешімді қабылдайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Жолаушы медпунктке медициналық көмекке жүгінген кезде:

1) жолаушыға медициналық тексеру жүргізіледі, алдын ала диагноз қойылады және қажетті медициналық көмек көрсетіледі;

2) жолаушыға қысқа мерзімді демалыс және оны бақылау қамтамасыз етіледі;

3) стационарлық емдеу үшін көрсетілімдер болған кезде науқас белгіленген тәртіппен аумақтық денсаулық сақтау органының емдеу мекемесіне жіберіледі;

4) әуе көлігін пайдалану үшін қарсы көрсетілімдер болған кезде науқас жолаушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жолаушыға авиациялық билетті қайтару үшін негіз болатын анықтама беріледі;

5) тасымалдауды ұйымдастыру қызметінің диспетчеріне әуе көлігін пайдалануға қарсы көрсетілімдері бар жолаушы туралы хабарланады;

6) жолаушылардың медициналық көмекке жүгіну және медициналық көмекті тіркеу журналына осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес тиісті жазба жасалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Шетелдік жолаушыларға медициналық көмек көрсету:

1) кедендік ресімдеуден өткен жерде - сол жерде, сондай-ақ кеден органы қызметкерінің рұқсатымен - медпунктте;

2) визасы жоқ адамдарға – науқастың болған жерінде;

3) санитариялық - карантиндік пункттегі (бұдан әрі – СКП) немесе санитариялық-карантиндік бақылаудағы (бұдан әрі – СКБ) медпункттің медицина қызметкері СКП немесе СКБ дәрігерімен бірлесіп жүргізеді.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Егер жолаушыда әуе кемесін пайдалануға медициналық қарсы көрсетілімдер болса, медпункттің кезекші медициналық қызметкері авиациялық билетті қайтару үшін негіз болатын жолаушының денсаулық жағдайы туралы анықтама береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Жолаушыларға азаматтық авиацияның әуе кемелерінде ұшуға медициналық көрсетімдер (қарсы көрсетімдер) мәселелері бойынша кеңес беру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес азаматтық авиацияның әуе кемелерінде пациенттерді ( авиажолаушыларды) тасымалдауға медициналық көрсетімдер (қарсы көрсетімдерге) бойынша жүргізіледі.

Науқас жолаушының әуе көлігімен тасымалдануының жай-күйін анықтау науқасты жіберетін емдеу-алдын алу мекемесінің құзыретіне жатады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Медициналық көмек науқастың орналасқан жерінде немесе медициналық айғақтары бойынша медпунктте көрсетіледі.

15. Әуежайдың аумағында авиациялық оқиға туындаған кезде медпункттің медициналық қызметкерлері осы Қағидаларға 5-тарауға сәйкес авариялық құтқару жұмыстарына авариялық-құтқару командасының құрамында қатысады.

Зардап шеккендерге уақтылы медициналық көмек көрсету және сұрыптау мақсатында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес зардап шеккендерді біріздендіру карточкасы пайдаланылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Әуе кемесінің бортында (ұшу барысында) медициналық көмек көрсету тәртібі

16. Әуе кемесінің бортында жолаушылар арасында медицина қызметкері болған жағдайда дәрігерге дейінгі, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Әуе кемесінің бортында жұқпалы ауруларға, карантинді жұқпаларға, контагиозды вирусты геморрагиялық қалтырауға, безгекке және маңызды халықаралық мәні бар этиологиясы айқын емес ауруларға күдік тудыратын науқас адам, жолаушы ( экипаж) мүшесі қаза болуы анықталған жағдайларда алғашқы іс-шаралар жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Әуе кемесі бортындағы дәрілік заттарды пайдалана отырып алғашқы көмек тиісті даярлықтан өткен әуе кемесінің кабиналық экипажы мүшелері немесе әуе кемесінде кабиналық экипажы көзделмеген кезде ұшу экипажы мүшелерімен көрсетіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Пайдаланушы әуе кемесінде медициналық көмек көрсетуге арналған жиынтықтар мен дефрибиллятордың мына түрлерінің болуын қамтамасыз етеді:

1) алғашқы көмек жиынтығы (жиынтықтары);

2) медициналық құралдар жиынтығы (жиынтықтары);

3) әмбебап профилактикалық жиынтық (жиынтықтар);

4) автоматтық сыртқы дефрибиллятор.

Борттық дәрі-дәрмек қобдишалары мен дефибриллятор жиынтықтарының саны және түрлері, борттық дәр дәрмек қобдишалары жиынтықтарының құрамы, борттық жиынтықтардың орналасуы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес реттеледі.

Борттық жиынтықтарды жинақтау, сақтау және оның құрамындағы медициналық және өзге де басқа заттарды кәдеге жарату жөніндегі басшылық нұсқау осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес реттеледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алғашқы көмек көрсету үшін алғашқы көмек жиынтығы қолданылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Алғашқы көмек жиынтығын әуе кемесі экипажының кез келген мүшесі қолданады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алғашқы көмек жиынтығының дәрілік заттары тиісті даярлықтан өткен экипаж мүшелері береді.

Медициналық құралдар жиынтығының дәрілік заттарын медициналық қызметкер ( ауызша, жазбаша, қашықтықтан) берген ұсыныс және кеңес бойынша қолданады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жолаушының денсаулығы медициналық қызметкердің араласуын талап ететін күйде болған кезде, аға бортсерік ол туралы әуе кемесінің командиріне келу әуежайына ақпарат жіберу үшін хабарлайды.

26. Алғашқы көмек көрсетілгеннен кейін жолаушының жағдайы жақсармаса, жолаушының өміріне қауіп төндіретін белгілер пайда болса, аға бортсерік әуе кемесінің командиріне науқастың жағдайы нашарлағаны туралы баяндайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Әуе кемесінің командирі ұшуды жалғастыру авиажолаушының денсаулық жағдайына қауіпті деп санаған жағдайда шұғыл қонуды жүзеге асырады.

28. Әуе кемесінің бортынан науқастың бар екендігі хабарлама беру бірізділігі:

1) әуе кемесінің командирі хабарламаны әуедиспетчерлік қызметке береді;

2) әуедиспетчерлік қызмет хабарламаны әуе кемесінің келу (шұғыл) қону әуежайына хабарлайды;

3) келу (шұғыл) қону әуежайы елінің денсаулық сақтау органдарына хабарлайды.

Келу (шұғыл) қону әуежайы елінің денсаулық сақтау органдары, әуежайдың құзыретті органдары ауру туралы егжей-тегжейлі мәлімет алу үшін авиакомпаниямен байланысады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жолаушыға медициналық көмек көрсетуде тиімді ден қою үшін кабиналық және ұшу құрамының мүшелері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Әуе кемесінің бортындағы жолаушыда оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жай-күйдің немесе аурудың пайда болуына" әрекет ету алгоритмін қолданады.

30. Медициналық білімі бар жолаушыны медициналық көмек көрсетуге тарту үшін дауыс зорайтқыш байланысты пайдалану қажет.

31. Дәрігерге дейінгі, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету үшін алғашқы көмек жиынтығы, сондай-ақ медициналық құралдар жиынтығы қолданылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Медициналық құралдар жиынтығын әуе кемесінің бортындағы медициналық білімі бар жолаушы, не болмаса, аға бортсерік (ауызша, жазбаша, қашықтықтан) медициналық қызметкерден ұсыныс және кеңес алғаннан кейін қолданады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Кабиналық экипаж мүшесі, қажет болған кезде, медициналық білімі бар жолаушының нұсқауы бойынша әрекет етеді.

34. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Медициналық көмек көрсету бланкісі барлық борттық дәрі қобдишаларында сақталады, олардың саны жүкқұжатта көрсетіледі.

37. Медициналық көмек көрсету бланкісін ресімдеу осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық көмек көрсетіліп болғаннан кейін жүзеге асырылады. Жазу анық (жазу үлгісімен) жазылады және барлық бағандар толтырылады .

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Медициналық көмек көрсету бланкісі екі данада жасалады. Түпнұсқасы науқасқа немесе оны ертіп жүрген тұлғаға беріледі, көшірмесі ұшуға арналған тапсырмаға тіркеліп, ұшып келгеннен кейін авиакомпанияға қайтарады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Медициналық көмек көрсету бланкісінің көшірмесі одан әрі қарай ұшып келу, жедел қону әуежайының немесе авиакомпанияның (бар болған жағдайда) медициналық қызметке немесе медициналық қызметкерге (болған жағдайда) есепке алу үшін беріледі .

40. Егер экипаж мүшелерінде немесе жолаушыларда ұшу алдында инфекциялық және паразитарлық аурулардың белгісі бар болса, олар әуе кемесі бортына жіберілмейді.

Әуе кемесінің кабиналық экипаж мүшелері немесе ұшу экипаж мүшелері жұқпалы және паразитарлық аурулардың белгілері туралы білімдері бар.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әуе кемесі экипажының мүшелерінің жұқпалы аурулардың белгілері туралы білімдері болуы тиісті.

41. Жұқпалы және паразиттік аурулардың белгілері бар науқас анықталған жағдайда кабиналық және ұшу экипажының әрекет ету алгоритмі осы Тәртіпке 8-қосымшада қарастырылған.

42. Зақымданған аудандары бар елдерге ұшатын әуе кемелері қорғану киімдерімен, қажетті медициналық жабдықпен, емдік және профилактикалық дәрі-дәрмектермен, дезинфекциялайтын, дезинсекциялайтын құралдармен және ратицидтермен жарақталады.

43. Әуе кемесінің командирі ұшу кезінде әуе кемесінің бортында жолаушылардың және экспаждың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін қажетті төтенше шараларды қолдану туралы шешім қабылдайды.

44. Егер жерден медициналық қолдау болса, әуе кемесі экипажының мүшелері, қажет болған кезде, олардың медициналық ұсыныстарын орындайды.

45. Эпидемияға қарсы алғашқы іс-шараларды жүргізу үшін әмбебап жиынтық қолданылады.

46. Әмбебап профилактикалық жиынтықты әуе кемесі экипажының кез келген мүшесі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес әмбебап профилактикалық жиынтықты қолдану жөніндегі ұсынымға сәйкес пайдалана алады.

47. Рейсте эпидемияға қарсы алғашқы іс-шараларды жүргізетін экипаж мүшесі рейс кезінде әуе кемесі бортында жұқпалы ауруы бар науқас анықталған жағдайдағы экипаж

мүшелерінің алгоритмі, әмбебап профилактикалық жиынтықты пайдалану бойынша ұсынымды пайдаланады және осы құжаттардың орындалуын қадағалайды.

48. Аға бортсерік авиакомпанияның (болған кезде)/келу (шұғыл қону) әуежайының медициналық қызметіне немесе дәрігеріне қызметтік жазба жасау арқылы әмбебап профилактикалық жиынтықты әрбір қолдану туралы хабарлайды.

**4-тарау. Азаматтық авиация ұйымының (пайдаланушының) медициналық пунктінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

Ескерту. 4-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Медпунктті меңгеруші (дәрігер, орташа медицина қызметкері) басқарады.

50. Медпункт меңгерушісінің әкімшілік бағыныстылығын, құрылымы мен штатын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы айқындайды.

51. Медпункт қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысы бекітеді, медициналық мәселелер бойынша медпункт меңгерушісі уәкілетті ұйымның Авиациялық медицина департаментімен өзара іс-қимыл жасайды.

52. Медпункт:

1) "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) және медпункт кабинеттерінің (ауданы) тізбесіне және оларды жарақтандыру осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес үй-жайлармен және қажетті мүлікпен;

2) сумен жабдықтау, жылыту, электр энергиясымен;

3) әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерімен (ұшу басшысымен), өндірістік-диспетчерлік қызметпен және аумақтық денсаулық сақтау органдарының жедел медициналық жәрдем станциясымен тікелей телефон байланысымен;

4) интернетпен және радиобайланыспен;

5) әуе кемелерінің әуежайда барлық ұшу уақытында, әуежайдың басқа бөлімшелерімен байланыс үшін, күнделікті жұмыс үшін және авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар кезінде авариялық жабдықты жедел іске қосу үшін кезекші санитариялық радиофицирленген автокөлікпен;

6) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Медпункттің дәрілік заттар тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

53. Медпункттің жұмыс кестесі азаматтық авиация ұйымының (пайдаланушының) жұмыс регламентіне сәйкес келеді.

54. Медпункт үй-жайлары ғимараттың бірінші қабатында орналасады, перронға және күту залына шығатын есігі, санитариялық көлік үшін ыңғайлы кіреберісі болады. Есіктердің ені және олардың орналасуы зембілдермен өтуді қамтамасыз етеді.

55. Медпунктте:

1) күту орны;

2) қабылдау бөлмесі (медициналық қарап-тексеру бөлмесі);

3) дәрігерге дейінгі (шұғыл және кезек күттірмейтін) медициналық көмек көрсетуге арналған бөлме;

4) санитарлық торабы бар изолятор;

5) қосалқы үй-жайлар (авариялық-құтқару жұмыстарды жүргізу кезінде медициналық мүлікті, карантиндік инфекциямен науқас (күдікті) анықталған жағдайда өз құзыреті шегінде эпидемияға қарсы алғашқы іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған құралдарды сақтау үшін).

56. Медпункттің заңнамада белгіленген тәртіппен берілетін тиісті кіші түрдің медициналық қызметіне лицензиясы болады.

57. Медпункт медициналық құжаттаманы жүргізеді және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның Авиациялық медицина департаментіне азаматтық авиация ұйымдарының медпункт қызметі туралы есеп береді.

58. Медпункт міндеттері:

1) ұшуларды медициналық қамтамасыз ету;

2) жолаушыларға, азаматтық авиация ұйымының қызметкерлеріне және авиациялық персоналға медициналық көмек көрсету;

3) өз құзыреті шегінде инфекциялық және карантиндік аурулардың таралуына жол бермеу бойынша алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу.

59. Медпункт қызметі:

1) Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын 3-тарауға сәйкес әуе кемелері экипаждарының мүшелерін ұшу алдындағы медициналық қарап-тексеруді және авиадиспетчерлерді ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеруді жүргізу;

2) азаматтық авиация ұйымы қызметкерлерінің ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі медициналық қарап-тексеруді жүргізу;

3) авиация персоналын кезекті медициналық куәландыруға дайындау ( авиакомпания үшін);

4) авиация персоналы мен жұмыскерлерінің (штатында дәрігер, авиация персоналы болған кезде) денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу;

5) жолаушыларға, қызметкерлерге және авиация персоналына дәрігерге дейінгі, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

6) медициналық қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде азаматтық авиация ұйымының жауапкершілігі аумағында авиациялық оқиға кезінде авариялық-құтқару жұмыстарына қатысу;

7) экипаж мүшелері мен жолаушыларға ұшуда медициналық көмек көрсету үшін борттық дәрі қобдишаларын бақылау (авиакомпания үшін);

8) мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп азаматтық авиация ұйымдарында жалпы және кәсіптік сырқаттанушылықтың, жарақаттанудың себептерін есепке алуды және талдауды жүргізуге қатысу;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес санитариялық-профилактикалық және эпидемияға қарсы бастапқы іс-шараларды ұйымдастыру;

10) жұмыс практикасына ғылымның, клиникалық және авиациялық медицинаның қазіргі заманғы жетістіктерін енгізу;

11) азаматтық авиация ұйымында жұмыс істейтіндердің денсаулығын, кәсіби жұмыс қабілеттілігін және ұзақ өмір сүруін нығайту және сақтау мақсатында салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру;

12) медпункттің функцияларына қатысты бөлігінде қызмет процесінде медпункттің денсаулық сақтау және азаматтық авиация ұйымдарымен өзара іс-қимылы;

13) денсаулық жағдайы бойынша шеттету:

экипаж мүшесін – ұшудан;

авиадиспетчерді – ауысымнан;

қызметкерді – жұмыстан;

14) азаматтық авиацияның әуе кемелерінде ұшу үшін медициналық көрсетілімдер немесе қарсы айғақтар мәселелері бойынша жолаушыларға консультация беру.

Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Медпункттің атауы көрсетілген ұшу алдындағы (ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі) медициналық қарап-тексеруден өткені туралы мөртабаны (бар болса) болады.

## 5-тарау. Іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Әуежай аумағында авиациялық оқиға туындаған кезде медпункттің медицина қызметкерлері авариялық-құтқару команда (бұдан әрі – АҚК) құрамында іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарына қатысады.

Медпункттің медицина қызметкерлерінің іс-қимылы "Қазақстан Республикасының әуежайларында ұшуды авариялық-құтқару тұрғысынан қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 325 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12216 болып тіркелген) сәйкес ұшудың жергілікті жағдайлары мен қарқындылығын ескере отырып әзірленген Әуежайдың (әуеайлақтың) аумағында және әуежайға (әуеайлаққа) іргелес жерде авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Авариялық жоспармен (бұдан әрі Авариялық жоспар) айқындалады.

62. Медициналық персонал авариялық-құтқару жұмыстарды жүргізу кезінде Авариялық жоспардың құрамдас бөлігі болып табылатын Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарын басшылыққа алады.

Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарын күнтізбелік жылға азаматтық авиация ұйымының басшысы бекітеді және оны аумақтық денсаулық сақтау органның Қоғамдық денсаулық департаментінің (Басқармасының) басшысымен келіседі.

Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспары медпункттің кезекші медицина персоналының құжаттар топтамасында болады және ауысым бойынша беріледі. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарынан үзінділер оларға қатысты бөлігінде аумақтық денсаулық сақтау органдарында болады.

63. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарында мыналар көзделеді:

1) іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі қызметтердің өзара іс-қимыл тәртібі;

2) АҚК медициналық жасағын қалыптастыру тәртібі;

3) "Дабыл" немесе "Дайындық" сигналдарын беру тәртібі;

4) "Дабыл" немесе "Дайындық" сигналдарын алғаннан кейін медпункттің кезекші медицина персоналының, АҚК медициналық жасақ басшысының іс-қимылы;

5) әуежайдың, аумақтық денсаулық сақтау органдарының медициналық мекемелерінің, жедел жәрдем станцияларының, шұғыл медициналық көмек қызметінің қызметкерлерін (күндіз, кешкі және түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері) жауапты лауазымды тұлғалардың телефон нөмірлері (телефон тізімдері жүйелі түрде нақтыланады) және басқа байланыс бойынша хабардар ету тәртібі;

6) АҚК медициналық жасақтың авиациялық оқиға орнына баратын жолы;

7) медпунктте қалатын кезекші медицина персоналының іс-қимылы;

8) жедел медициналық көмек станциясының және (немесе) шұғыл медициналық көмек қызметінің кезекші дәрігерінің іс-қимылы;

9) зардап шеккендерді эвакуациялау үшін емдеу мекемелері, авариялық ұшыраған әуе кемесінің үлгісіне сәйкес эвакуациялау үшін қажетті санитариялық көлік саны.

64. Емдеу-эвакуациялық іс-шаралар жоспарына мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) АҚК медициналық медициналық жасақтың хабардар ету схемасы;

2) әуеайлақ ауданының, тұрақтардың және әуеайлақ бойынша көлік қозғалысы жолдарының орналасу схемасы;

3) әуежай қызмет көрсететін әуе кемелерінде авариялық шығуларды орналастыру схемасы және оларды ашу тәртібі;

4) АҚК медициналық жасағына кіретін медпункт персоналының тізімі;

5) күшейту тобының құрамы, оны хабардар ету, жинау және жеткізу схемасы;

6) емдеу мекемелерінің орналасу картасы және оларға баратын жол.

65. Авиациялық оқиға орнында АҚК медициналық жасақтың іс-қимылы:

1) эвакуациялау құралдары келгенге дейін АҚК медициналық жасағы:

зардап шеккендерді сұрыптайды, тасымалдау тәртібі мен кезектілігін анықтайды, зардап шеккендерді эвакуациялауға дайындайды. Зардап шеккендерді сұрыптау кезінде зардап шеккендерді біріздендіру карточкалары пайдаланылады.

АҚК есеп айырысу күшімен зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуді басқарады;

зардап шеккендерге шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді;

| Defibrillator used?<br>Использован дефибриллятор?<br>Дефибрилляторды пайдаланды ма? | YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | | If yes, were any shocks administered?<br>Если да, применялся ли разряд?<br>Егер пайдаланса, разряд қолданылды ма? | YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Was CPR performed?<br>Проведена ли сердечно-легочная реанимация?<br>Жүрек-өкпелік реанимация өткізілді ме? | Pulse Restored?<br>Пульс восстановился?<br>Тамыр соғуы қалпына келді ме? | Respiration restored?<br>Дыхание восстановилось?<br>Тыныс алуы қалпына келді ме? | Consciousness regained?<br>Сознание восстановилось?<br>Есі қалпына келді ме? |

| | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | | YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | | YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | | | YES<br>ДА<br>ИӘ | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | |

| | | |
|---|---|---|
| Assistance of on-board Doctor or Health Professional:<br>Помощь врача или медицинского специалиста на борту воздушного судна:<br>Әуе кемесінің дәрігері немесе медициналық маманының көмегі: | Successful<br>Успешно<br>Сәтті | Unsuccessful<br>Неуспешно<br>Сәтсіз |
| Contacts details of Doctor or Health Professional:<br>Контактные данные доктора или медицинского специалиста на борту ВС:<br>Әуе кемесінің дәрігері немесе медициналық маманының байланыс ақпараты: | Name<br>Ф.И.О<br>Аты- жөні | Phone<br>Телефон<br>Телефон нөмері |
| | Address:<br>Адрес:<br>Мекенжайы: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| OUTCOME / Результат / Нәтиже | | | | | |
| Diversion<br>Отклонения<br>Ауытқушылық | | Patient recovered before landing<br>Пациент восстановился до посадки | | Patient walked off aided/ unaided<br>Пациент вышел с помощью/без помощи | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Науқас келіп қонуға дейін қалпына келді | | Науқас көмекпен/ көмексіз шықты | |
| Patient left aircraft by wheelchair<br>Пациент вышел на инвалидной коляске<br>Науқас мүгедектер арбасымен шықты | | Patient left aircraft by stretcher<br>Пациент вышел на носилках<br>Науқасты зембілмен шығарды | | Patient died on aircraft<br>Пациент умер на борту воздушного судна<br>Науқас әуе кемесінде өлді | |

TREATMENT / ЛЕЧЕНИЕ / ЕМДЕУ

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| NONE<br>Не оказывалось<br>Көрсетілмеген | | First aid<br>Первая помощь<br>Бірінші көмек | | Ground medical<br>Наземная медицинская помощь<br>Жердегі медициналық көмек | | Hospital<br>Больница<br>Аурухана | |

CREW/Экипаж

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Fit to operate<br>Способен к дальнейшей работе<br>Кейінгі жұмысқа қабілетті | | Fit to fly as passenger<br>Способен лететь как пассажир<br>Жолаушы ретінде ұшуға қабілетті | | Remained in hotel / hospital<br>Остался в гостинице/ больнице<br>Қонақ үйде / ауруханада қалды | |

TRANSFER OF CARE TO GROUND MEDICAL SERVICE/ ИНФОРМАЦИЯ О МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ МЕДИЦИНСКИМ РАБОТНИКОМ/ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРМЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТ:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Name of Casualty:<br>Название случая:<br>Оқиғаның атауы: | | Date and time of onset:<br>Дата и время начала:<br>Басталған уақыты мен күні: | |

| | |
|---|---|
| Brief Details of Incident:<br>Короткая информация инцидента:<br>Оқиға жайлы қысқаша мағлұмат: | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Oxygengiven?<br>Дан кислород?<br>Оттегі берілді ме? | YES<br>ДА<br>Иә | | NO<br>НЕТ<br>Жоқ | If yes, did condition improve?<br>Если да, улучшилось ли состояние?<br>Егер берілсе, жағдайы жақсарды ма? | YES<br>ДА<br>Иә | | NO<br>НЕТ<br>ЖОҚ | |

MEDICATION ADMINISTERED:
ИСПОЛЬЗОВАНЫ МЕДИКАМЕНТЫ:
ҚОЛДАНЫЛҒАН ДӘРІ-ДӘРІМЕКТЕР:
DRUG: DOSE: Time (GMT)
Лекарство: ДОЗА: Время (Среднее время по Гринвичу)
Дәрі: МӨЛШЕРІ: Уақыты (Гринвич бойынша орташа уақыт)

| | |
|---|---|
| Any other treatment given: | |

| | |
|---|---|
| Оказана ли другая помощь:<br>Басқа көмек көрсетілді ме? | |
| Crew member name (cabin crew):<br>Фамилия, имя, отчество (при наличии) члена экипажа (бортпроводника ):<br>Экипаж мүшесінің (бортсеріктің) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): | Signature<br>Подпись:<br>Қолы: |

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
8-қосымша

**Әуе кемесінің бортында жұқпалы немесе паразиттік ауру жұқтырған науқас анықталған жағдайдағы ұшу және кабина экипажының алгоритмі**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.12.2018 № 958 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әуе кемесінің бортындағы жұқпалы немесе паразиттік аурулардан зардап шегуі мүмкін адамдарға, әсіресе, оларда тұмауға ұқсас белгілер мен симптомдар болса, ерекше көңіл бөлінеді.

1. Жұқпалы немесе паразиттік аурулардың белгілері бар жолаушы анықталған кездегі кабиналық экипаждың іс-әрекетінің тәртібі:

1) әуе кемесінің командиріне хабарлау;

2) егер медициналық мамандардың қолдауы жерден берілетін болса, онда жердегі қолдау қызметімен хабарласып, туындаған жағдай туралы ақпарат беру;

3) егер медициналық қолдау жерден берілетін болса, не ӘК бортында медициналық қызметкер бар болса, экипаж мүшелері, қажет болған жағдайда, олардың медициналық ұсынымдарын орындайды;

4) егер медициналық қызметкерлердің қолдау жоқ болса:

науқас жолаушыны оқшауланған орынға, егер ондай орын бар болса ауыстырады. Науқас жолаушыны ауыстырғаннан кейін, басқа жолаушылар пайдаланбас үшін, межелі пунктте залалсыздандыру бригадасы келгенге дейін науқастың орны оқшауланады;

науқас жолаушыға қарау үшін, мүмкіндігінше, сол жолаушымен сөйлескен кабиналық экипаж мүшесінің бір адамын бөлу керек. Аса мұқият күтім қажет болған жағдайда экипаждың бір мүшесінен артық адам қажет болуы мүмкін;

мүмкіндік болса, тек науқас жолаушы ғана пайдаланатын жеке дәретхана бөлу керек. Егер ол мүмкін болмаса, әдетте адамдардың қолы тиетін дәретхана ішінің үстіңгі беттері (су краны, есік тұтқалары, қоқыс бағының қақпағы, унитаз қақпағы және т. б.) науқас жолаушы дәретханаға әрбір барғаннан кейін тазалануы және дезинфекциялануы тиіс;

5) егер науқас жолаушы жөтелетін болса, одан тыныс алуға байланысты гигиена ережелерін сақтау сұралады: оны майлық/сүлгімен қамтамасыз етіп және оларды сөйлескенде, түшкіргенде немесе жөтелгенде ауызды және мұрынды жабу үшін пайдаланатындығы жөнінде нұсқама беріледі;

наукас жолаушыға тиісті қол гигиенасын сақтау ұсынылады. Егер қолында көрінетін кір болса, оларды сабындап сумен жуу керек майлық/сүлгіні қауіпсіз жою үшін гигиеналық пакет беру керек.

6) науқас жолаушыдан (хирургиялық және процедуралық) маска киіп жүретін жағдайда болса, оны киіп жүруін өтіну қажет. Пайдаланылған маска дымқылданған/ылғалданған бойда оны бірден жаңасына ауыстыру керек. Масканы ұстағаннан кейін ( мысалы, оны лақтырып тастау үшін) қолды дереу мұқият жуу қажет. Бір рет пайдаланатын маскалар қайта пайдаланылмайды және пайдаланылғаннан кейін қауіпсіз жойылады;

7) егер жолаушыларға қызмет көрсетумен айналысатын экипаж мүшелеріне организм сұйықтықтарымен тікелей байланысу қаупі болатын болса, онда бір рет пайдаланатын қолғаптарды қолданады. Қолғап тиісті қол гигиенасын ауыстыра алмайды. Қолғапты абайлап шешіп, қауіпсіз жою керек. Қолғапты шешкеннен кейін қолды сабындап сумен жуып, құрамында спирт бар қолға арналған залалсыздандыру құралымен сүрту керек;

8) егер науқас жолаушы маска кие алмаса, науқасқа күтім жасау үшін бөлінген бортсерік немесе науқаспен тығыз байланыста болатын (кемінде 1 м) жолаушы медициналық (хирургиялық немесе процедуралық) масканы пайдаланады. Ауру жұқтыру (мысалы, бетті жиі ұстау немесе масканы түзету және шешу кезінде) қаупін шектеу үшін авиакомпания бортсеріктерге масканы пайдалану жөнінде оқытулар ұйымдастырады;

9) ластанған заттар (пайдаланылған орамалдар, бір рет пайдаланатын маскалар, оттегімен демалу маскасы мен түтіктер, киім-кешек, көрпелер, жастықтар, жеке пакеттегі заттар және т. б.) қысқышы және "Биологиялық қауіптілік" деген құлақшасы бар пакетке салынады. Ол болмаған кезде жабылатын пластикалық пакет пайдаланылады және оған "Биологиялық қауіптілік" құлақшасы ілінеді;

10) ертіп жүретін адамдардан (әйелінен, балаларынан, достарынан және т. б.) оларда аурудың қандай да бір ұқсас белгілерінің бар-жоқтығы сұралады;

11) келу елінің денсаулық сақтау органдары немесе жерден медициналық қолдау қызметі өзгені белгілемесе, онда науқас жолаушымен бір қатарда, оның алдындағы екі қатарда және оның артындағы екі қатарда (жалпы алғанда бес қатарда) отырған барлық жолаушыларға жеке деректерін енгізу арқылы денсаулық сақтау мақсатында жолаушының орналасқан жері туралы ақпарат картасын толтыру қағидалары жөнінде ақпарат беріледі;

12) межелі әуежайға келгеннен кейін науқас жолаушының қол жүгі әуе кемесінен жолаушымен бірге шығарылғанына көз жеткізу қажет.

2. Әуе кемесінің командирі ұшу уақытында әуе кемесінің бортындағы жолаушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін қажетті төтенше шараларды қолдану туралы шешімдерді қабылдауға уәкілетті.

3. Жұқпалы аурудың белгілері бар науқастың анықталуына байланысты оқиғаны әуе кемесінің бас декларациясының медициналық-санитариялық бөліміне жазу қажет.

4. Әуе кемесінің командирі кабиналық экипаждан әуе кемесінің бортында жұқпалы және паразиттік табиғатты аурулардың бар екендігін растайтын кез келген жағдайлар немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп бар екендігі туралы ақпарат алғаннан кейін, авиадиспетчерлік қызметке хабарлайды.

5. Әуе кемесінің бортында жұқпалы және паразиттік ауруларға күдік тудыратын жағдайлар немесе адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін басқа да қауіп бар екендігі анықталған кейін жолда келе жатқан әуе кемесінің ұшу экипажы ұшқыш байланысып отырған әуе қозғалысын басқару қызметінің бөліміне төменде көрсетілген деректерді береді:

әуе кемесінің тіркеу нөмірі;

ұшып шыққан әуежайы;

ұшып келетін әуежайы;

ұшып келудің есептік уақыты;

борттағы адамдар саны;

әуе кемесінің бортындағы ауруға күдікті адамдар саны;

егер ол белгілі болса, қоғамдық денсаулық үшін қауіптің табиғаты.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
9- қосымша

**Әмбебап профилактикалық жиынтықты қолдану жөніндегі ұсыным**

Дезинфекциялау рәсімі:

1. Қорғану қолғаптарын киіңіз.

2. Егер шашырау қаупі болса, онда көзге арналған қорғанышты (қорғану көзілдірігін) пайдаланыңыз.

3. Биологиялық қалдықтар үшін қап дайындаңыз және оны төгілген жердің қасына қойыңыз. Егер биологиялық қалдықтарға арналған қап жоқ болса, онда кәдімгі қапты " Биологиялық қалдықтар үшін" деген жазумен таңбалаңыз.

4. Күдікті науқастың (науқастардың) креслосының, сол қатардағы (қатарындағы), іргелес қатардағы (қатарындағы) аралас-креслоның беттерін және басқа да аймақтарды тазалаңыз, содан кейін:

1) креслоның айналасын:

шынтақ қойғыштарды;
орындықтардың арқаларын (пластмасса және/немесе металл бөліктерін);
қайырмалы үстелдерді;
қауіпсіздік белдігінің тоғаларын;
жарықты және желдетуді басқару құралын, бортсерікті шақыру түймесі мен жоғарғы бөліктің тұтқасын;
жанындағы қабырға мен терезелерді;
жеке видеомониторды;
2) дәретханаларды:
науқас жолаушы пайдаланған жабдықтарды:
есіктің тұтқасын;
есіктің құлпын;
дәретхана отырғышын;
кранды;
шұңғылшаны;
жанындағы қабырғалар мен бағандарды залалсындандырыңыз.

5. Лас жерлерді тазалаңыз (қатты бөлшектерді алып тастаңыз немесе сұйықтық сіңдіріп алыңыз).

Дезинфектантты (Хлоргексидин ерітіндісі) жағыңыз.

Орын суланған уақытта оны сіңіргіш сүлгімен тазалап, оларды қапқа лақтырып тастаңыз.

6. Үстіңгі беттер мен дезинфектант арасындағы байланыс уақыты микроорганизмдерді жою үшін жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз.

Барлық сақтық шараларын көрсетілгендей орындаңыз (мысалы, дәретханалар сияқты жабық үй-жайларда тиісті желдетуді қамтамасыз етіңіз, аэрозольдің кездейсоқ шашырауынан аулақ болыңыз).

7. Егер қолғап бүлініп қалса, онда оны ауыстырыңыз.

8. Кілем жабынның барлық тиген бөлігін алып тастаңыз.

9. Бетін сумен жуып, кептіріңіз. Сүлгіні бүктеп қапқа салыңыз.

10. Қолғаптарды шешіп, оларды қапқа салыңыз.

11. Пайдаланылған қапты байлап, тиісті дәрежеде тасымалдануын және кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіңіз.

12. Тазалау және дезинфекциялауды аяқтап, қолғапты шешкеннен кейін қолды сабындап жуыңыз немесе сулықпен сүртіңіз. Қолғаппен немесе жуылмаған қолмен бетті ұстаудан сақ болыңыз.

13. Тазалау үшін сығылған ауаны және/немесе қысым астындағы суды, сондай-ақ, аэрозоль сияқты инфекциялық материалды шашыратуы немесе таратуы мүмкін әдістерді пайдаланбаңыз. Шаңсорғыштарды тек дұрыс жүргізілген дезинфекциядан кейін пайдалануға болады.

14. Ауа салқындату жүйесінің жұмысы да инфекциялық материалдың таратылуына кедергі жасайды (кем дегенде күдікті жолаушыны түсіргенге дейін немесе түсіру процесі аяқталғанша). Олай болмаған жағдайда желдетуді жердегі көзден қамтамасыз ету керек.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
10-қосымша
Нысан

## Жолаушылардың медициналық көмекке жүгіну және медициналық көмекті тіркеу журналы

Ескерту. 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.12.2022 № 707 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Р/с № | Өтініш берген күні | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Жасы | Рейстің № | Тұрақты тұрғылықты жері | Жүгіну уақыты | Шағымдар. Қысқа объективті мәртебе | Өткізілген іс-шаралар. Қайда кетті | Медициналық қызметкердің қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
11-қосымша

## Медпункт кабинеттерінің (ауданы) тізбесі және оларды жарақтандыру *

Ескерту. Қағида 11-қосымшамен толықтырлыды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Р/с № | Жабдықтың атауы | Саны - кем емес (дана (жиынтық)) |
|---|---|---|
| Күту орны **, 12 шаршы метр | | |
| 1. | Киім ілгіш | 1 данадан кем емес |
| 2. | Орындықтар | 5 данадан кем емес |
| Қабылдау бөлмесі (медициналық қарап-тексеру бөлмесі) **, 18 шаршы метр | | |
| 1. | Электр шамы | Қажеттілікке сәйкес |
| 2. | Байланыс құралы (рация) | Қажеттілікке сәйкес |
| 3. | Орындықтары бар жұмыс үстелі | 1 жиынтық |
| 4. | Аспаптарға арналған үстел | 1 дана |
| 5. | Сфигмоманометр | 1 дана |
| 6. | Стетофонендоскоп | 1 дана |
| 7. | Портативті пульсоксиметр | 1 дана |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Бір рет қолданылатын мундштуктар жиынтығы бар алкотестер | 1 данадан кем емес |
| 9. | Медициналық термометрлер ( байланыссыз) | 1 данадан кем емес |
| 10. | Бір рет қолданылатын қалақша | Қажеттілікке сәйкес |
| 11. | Бір рет қолданылатын маскалар | Қажеттілікке сәйкес |
| 12. | Зембіл -каталка | 1 дана |
| 13. | Кресло-арба | 1 дана |
| 14. | Киім ілгіш | 1 дана |
| 15. | Кварц шамы (немесе сәулелендіргіш – рециркулятор) | 1 дана |
| 16. | Антисептиктерге арналған қабырғалық медициналық мөлшерлегіш | 1 дана |
| 17. | Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер ( бұдан әрі - ҚЖКЖК) | 1 данадан кем емес |
| 18. | "А" сыныбындағы қалдықтарға арналған шелек | 1 дана |
| Шұғыл және кезек күттірмейтін<br>медициналық көмек көрсетуге арналған бөлме **, 12 шаршы метр | | |
| 1 | Манипуляциялық үстел | 1 дана |
| 2. | Аспаптарға арналған үстел | 1 дана |
| 3. | Медициналық кушетка | 1 данадан кем емес |
| 4. | Бір рет қолданылатын әртүрлі көлемдегі медициналық шприцтер | Қажеттілікке сәйкес |
| 5. | Бір рет қолданылатын көктамыр ішіне енгізуге арналған жүйе | Қажеттілікке сәйкес |
| 6. | Медициналық термометрлер ( байланыссыз) | 1 данадан кем емес |
| 7. | Бір рет қолданылатын қалақша | Қажеттілікке сәйкес |
| 8. | Бір рет қолданылатын маска | Қажеттілікке сәйкес |
| 9. | Хирургиялық қолғаптар | 20 дана |
| 10. | Анатомиялық пинцет | 1 дана |
| 11. | Хирургиялық қайшы | 1 дана |
| 12. | Эсмарх саптыаяғы 1,5 мл. | 1 дана |
| 13. | Резеңке жылытқыш | 2 дана |
| 14. | Мұзға арналған көпіршік | 2 дана |
| 15. | Мұздатқыш камерасы бар тоңазытқыш | 1 дана |
| 16. | Бұластыр ені 2.0 см. | 5 дана |
| 17. | Бір реттік жайма | Қажеттілікке сәйкес |
| 18. | Матаны кесуге арналған қайшы | 1 дана |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 19. | Қан тоқтатуға арналған бұрау | 1 данадан кем емес |
| 20. | Зарарсыздандырылмаған қолғаптар | Қажеттілікке сәйкес |
| 21. | Зарарсыздандырылған қолғаптар | Қажеттілікке сәйкес |
| 22. | Қол терісін өңдеуге арналған құралдар | Қажеттілікке сәйкес |
| 23. | Медициналық клеенка | Қажеттілікке сәйкес |
| 24. | Мақта және (немесе) спирт майлықтары | Қажеттілікке сәйкес |
| 25. | Бинттер (зарарсыздандырылған, зарарсыздандырылмаған) | Қажеттілікке сәйкес |
| 26. | Таңғыш материалға арналған қайшы | 1 дана |
| 27. | Құсық массасына арналған пакет | Қажеттілікке сәйкес |
| 28. | "А" сыныбындағы қалдықтарға арналған пакет | Қажеттілікке сәйкес |
| 29. | "Б" сыныбындағы қалдықтарға арналған пакет | Қажеттілікке сәйкес |
| 30. | ҚЖҚЖК | Қажеттілікке сәйкес |
| 31. | Барлық мөлшердегі зәр шығару катетері | 1 жиынтық |
| 32. | Ауа өткізгіштердің жиынтығы ( барлық өлшемдері 1 данадан) | 1 жиынтық |
| 33. | Ауыздыкеңейткіш | 1 дана |
| 34. | Тілұстағыш | 1 дана |
| 35. | Коникотомиялық жиынтық | 1 жиынтық |
| 36. | Аяқ-қолдарға арналған қатты шиналар жиынтығы | 1 жиынтық |
| 37. | Қатты мойын жағасы | 1 дана |
| 38. | Тест-жолақтар, скарификаторлар жиынтығы бар портативті қандағы қант концентрациясының экспресс-өлшегіші | 1 жиынтық |
| 39. | Жүйеге арналған штатив | 1 дана |
| 40. | Санитариялық зембілдер | 1 дана |
| 41. | Арқаға арналған қатты қалқан | 1 дана |
| 42. | Өкпені жасанды желдетуге арналған оттегі ингаляторы | 1 дана |
| 43. | Кварц шамы (немесе сәулелендіргіш – рециркулятор) | 1 дана |
| 44. | Антисептикалық құралдарға арналған жиынтықтағы қабырғалық медициналық мөлшерлегіш | 1 дана |
| 45. | "А" сыныбындағы қалдықтарға арналған шелек | 1 дана |

| | | |
|---|---|---|
| 46. | Бүйрек тәрізді науа | 2 дана |
| 47. | Амбу қабы | 1 дана |
| 48. | Портативті ЭКГ **** | 1 дана |
| 49. | Дефибриллятор **** | 1 дана |
| 50. | Кіндікке салу үшін қапсырмасы бар акушерлік төсеу | 1 жиынтық |
| 51. | Әр түрлі өлшемдегі перифериялық көктамырішілік катетерлер | 1 жиынтық |
| 52. | Әр түрлі мөлшердегі ларингеальды маскалар | 1 жиынтық |
| 53. | Жылу көрпе | Қажеттілікке сәйкес |
| 54. | Күйікке қарсы таңғыштар | Қажеттілікке сәйкес |
| 55. | Спейсер | Қажеттілікке сәйкес |
| Санитарлық торабы бар оқшаулағыш**, 10 шаршы метр | | |
| 1. | Медициналық кушетка | 2 дана |
| 2. | Киімге арналған шкаф | 1 дана |
| 3. | Ширма | 1 дана |
| 4. | Астарлы кеме | 2 дана |
| 5. | Кварц шамы (немесе сәулелендіргіш – рециркулятор) | 1 дана |
| 6. | Антисептикалық құралдарға арналған жиынтықтағы қабырғалық медициналық мөлшерлегіш | 1 дана |
| 7. | ҚЖКЖК | 1 данадан кем емес |
| 8. | Қауіпсіздік көзілдірігі (экран) | 5 дана |
| 9. | Әрбір қызметкерге арналған жиынтықтағы обаға қарсы 1 типті костюм*** | Қажеттілікке сәйкес |
| Шешінетін бөлме **, 11 шаршы метр | | |
| 1. | Жеке шкафтар | 1 ауысымдағы персонал саны бойынша |
| 2. | Антисептикалық құралдарға арналған жиынтықтағы қабырғалық медициналық мөлшерлегіш | 1 дана |
| Жуу раковинасы бар тұрмыстық бөлме**– 8 шаршы метр | | |
| 1. | Тамақтануға арналған үстел | 1 дана |
| 2. | Тұрмыстық тоңазытқыш | 1 дана |
| 3. | Микротолқынды пеш | 1 дана |
| 4. | Электршәйнек | 1 дана |
| Дезинфекциялық құралдарды дайындауға және сақтауға арналған және жуу раковинасы бар медициналық қалдықтарды сақтауға бөлме **, 4 шаршы метр | | |
| 1. | Мұздатқыш камерасы бар тоңазытқыш | 1 дана |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | ҚЖКЖК сақтау үшін шкаф | 1 дана |
| 3. | Дезинфекциялық ерітінділерді сақтауға арналған шкаф | 1 дана |
| 4. | ЖҚҚ сақтауға арналған шкаф *** | 1 дана |
| 5. | Еден немесе қол таразысы | 1 дана |

* медпунктті жарақтандыру практикаға қазіргі заманғы тиімді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды енгізуді ескере отырып, сондай-ақ әуежай сыныбына және жолаушылар ағынына байланысты өзгереді;

**кабинеттерді жарақтандыру олар азаматтық авиация ұйымдарының құрылымында болған кезде және медициналық пунктке жүктелген функциялар ерекшелігі мен орындалатын міндеттер көлеміне қарай жүзеге асырылады;

*** медпункт Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген "Инфекциялық аурулардың (обаның, тырысқақтың) алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына ( Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 25254 болып тіркелген) сәйкес жеке қорғаныш құралдарымен жабдықталады;

**** үлкен және ірі топ аэровокзалдары үшін;

өлшеу құралдары калибрленеді (тексеріледі). "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес медициналық бұйымдарды (өлшем құралдарын) тексеру;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау үй-жайларын (аймақтарын) орналастыру, құрамы, алаңдарының мөлшері, жабдықтау және оларды пайдалану Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 22230 болып тіркелген) бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларымен реттеледі. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтауға арналған үй-жайлар ауаның температурасын, ылғалдылығын бақылауға арналған тиісті жабдықпен ( термометрлермен, гигрометрлермен ауаның температурасы мен ылғалдылығын бақылайтын аспаптардың басқа түрлерімен) қамтамасыз етіледі.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
12-қосымша

**Медициналық пункт дәрілік заттарының тізбесі***

Ескерту. Қағида 12-қосымшамен толықтырлыды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Р/с № | АТХ коды | Фармако-терапиялық тобы | Атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | A03A | Ішек қызметінің бұзылуы кезінде пайдаланылатын препараттар | |
| | A03AD02 | Антиспазмдық зат | Но-шпа 40 мг. табл. |
| | A03BA | Алкалоидтар, үшінші аминдер | |
| | A03BA01 | Атропин сульфаты | Инъекция үшін ерітінді 1мг./ мл. 1 мл. |
| 2 | A07 | Диареяға қарсы, ішектің қабынуға қарсы және микробқа қарсы препараттары | |
| | A07BA01 | Энтеросорбтық зат | Белсендірілген көмір 250 мг. табл. |
| 3 | B01AC | Тромбоциттер агрегациясының ингибиторлары ( гепаринді қоспағанда) | |
| 4 | B05AA | Қан плазмасының препараттары және плазма алмастыратын препараттар | |
| | B05AA07 | Плазманы алмастыратын зат | Гидрооксиэтил 10% |
| | B05CB | Тұзды ерітінділер | |
| | B05CB01 | Еріткіш | Натрий хлориді 0,9% - 250; 500 мл. |
| | B05CX | Басқа ирригациялық ерітінділер | |
| | B05CX01 | Көмірсулармен тамақтану заты | Глюкоза 25 мг. -5,0 мл. |
| | B05CX01 | Көмірсулармен тамақтану заты | Глюкоза 40% - 200; 500 мл. |
| | B05XA | Электролиттік ерітінділер | Магния сульфат инъекция үшін ерітінді 25% 5 мл. |
| 5 | C01DA | Органикалық нитраттар | |
| | C01DA02 | Вазодилататор, нитрат | Нитроглицерин 0,5 мг. табл. (0,4 мг. спрей) |
| | C01DA02 | Вазодилататор, нитрат | Нитроглицерин 1%, изосорбит динетрат 0,01%, 2,0 |
| 6 | C01CA | Адренергетиктер и допаминомиметиктар | |
| | C01CA24 | Альфа - ж/е бета-адреномиметик | Адреналин (эпидефрин) 1 :1000 |
| 7 | C03CA | Сульфонамидты диуретик | |
| | C03CA01 | Диуретикалық зат | Фурасемид 2 мг. 2,0 |
| 8 | C07AB | Селективты бета-адреноблокатор | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | C07AB02 | Бета1-адреноблокатор селектвты | Метопрол 5мг. -5 мл.. |
| 9 | C08CA | Дигидропиридин туындылары | |
| | C08CA05 | II типті кальций арналарының блокаторы. Антиангиналды ж/е антигипертензивты препарат. | Нифедипин 10 мг. табл. |
| 10 | C09A | Ангиотензин-түрлендіретін фермент тежегіштері ( АТФ) | |
| | C09AA01 | АПФ блокатор | Каптоприл 50 мг. (АТФ ингибиторы) |
| 11 | D03A | Қалыпты тыртыққа ықпал ететін дәрілер | |
| | D03AX03 | Тіндердің регенерациясы стимуляторы | Пантенол, құтқарушы ( аналогтары) |
| 12 | D08 | Антисептиктер ж/е дезинфекциялық препараттар | |
| | D08AC02 | Антисептикалық зат | Хлоргексидин биглюконаты ерітінді ( хлоргексидин) 0,05% 100 мл |
| | D08AX | Басқа антисептиктер мен дезинфекциялық препараттар | |
| | D08AX01 | Антисептакалық зат | Сутегі тотығы ерітінді 3% |
| 13 | C07AA | Селективті емес бета-блокаторлар | |
| | C07AA05 | Бета-адреноблокатор | Пропранолол 40 мг. ( селективті емес адреноблокатор) |
| 14 | G01AX | Гинекологиялық ауруларды емдеуге арналған басқа антисептиктер және микробқа қарсы препараттар | |
| | G01AX11 | Антисептакалық зат | Йод повидон ерітінді 10% 100 мл. (сыртқа) |
| 15 | H02 | Жүйелі қолдануға арналған кортикостероидтар | |
| | H02AB02 | Глюкокортикостероид | Дексаметазон 8 мг. 5,0 мл . |
| | H02AB06 | Глюкокортикостероид | Преднизалон 30 мг-1,0 немесе метилпреднизалон |
| 16 | M01AE | Пропион қышқылының туындылары | |
| | M01AE03 | Стероид емес қабынуға қарсы препараттар | Кетонал 50 мг. табл. |
| 17 | N02BE | Анилидтер | |
| | N02BA01 | Стероид емес қабынуға қарсы препараттар | Ацетилсалицил қышқылы 250 мг. |
| | N02BE01 | Анальгетикалық есірткеге жатпайтын дәрі | Парацетамол 500 мг. табл . |
| 18 | N05BA | Бензодиазепин туындылары | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | N05BA01 | Анксиолитикалық дәрі. Бензодиазепин туындылары | |
| 19 | R01 | Мұрын ауруларын емдеуге арналған дәрілік заттар | |
| | R01AA08 | Антиконгестивтік дәрі - вазоконстриктор ( альфа-адреномиметик) | Нафтизин 0,1 % (капли) |
| 20 | R03DA | Ксантин туындылары | |
| | R03DA05 | Бронходилататор - фосфодиэстераз ингибиторы | Эуфилин 2,4% 5,0 мл. |
| 21 | R07 | Тыныс алу органдарының ауруларын емдеуге арналған басқа препараттар | |
| | R07AB | Тыныс алу орталығының стимуляторлары | |
| | R07AB | Антисептикалық және тітіркендіргіш дәрі | Аммиак 10% ерітінді 50,0 мл. |
| 22 | S01A | Антимикробты препараттар | |
| | S01AB | Антимикробты дәрі, сульфаниламид | Көз тамшылары натрий сульфацилі (альбуцид) 20% |
| | S01AB04 | Сульфонамидтер | Құлақ тамшылары Альбуцид-DF 20% |
| 23 | V03AN01 | | Ылғалы О2 |

*медпунктті жарақтандыру практикаға заманауи тиімді дәрілік заттарды енгізуді ескере отырып, сондай-ақ әуежай мен жолаушылар ағынының класына (тобына) байланысты өзгереді.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
13-қосымша
Нысан

## 20 жылғы азаматтық авиация ұйымдарының медпункт қызметі туралы есеп

Ескерту. Қағида 13-қосымшамен толықтырлыды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 1. Ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеру*

| | | Барлығы өткізілген ұ ш у алдындағы ж ә н е | | Оның ішінде себептер бойынша: | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шаршау | | артериялық гипертензия | басқа |

| Р/с № | Атауы | ауысым алдындағы | Жұмыстан шеттетілгені барлығы | | алкогольдік мас болу опьянение | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әуедиспетчерлер | | | | | | |
| 2 | Ұшқыштар | | | | | | |
| 3 | Бортсеріктер | | | | | | |
| 4 | Өзгелері | | | | | | |
| 5 | Барлығы | | | | | | |

## 2. Әуежолаушыларға медициналық қызмет көрсету *

| Р/с № | Іс-шара | Барлығы | Оның ішінде (1-бағаннан) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүкті әйелдер | балалар (18 жасқа толғанға дейін) | Ж Т Ж аурулары | жұқпалы ауруларға күдікті | Басқа |
| 1 | Медициналық сұрақтар бойынша және медициналық көмекке жүгінді | | | | | | |
| 2 | Өтініш білдіргендердің ішінен медициналық көмек көрсетілді | | | | | | |
| 3 | Авиациялық билетті қайтару үшін негіз болып табылатын анықтамалар берілді | | | | | | |

* толтырылған нысанға азаматтық авиация ұйымының басшысы қол қояды және есепті айдан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей уәкілетті ұйымның медициналық басқармасына жіберіледі.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
14-қосымша

**Медициналық фургон жабдықтарының тізбесі**

Ескерту. Қағида 14-қосымшамен толықтырлыды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Р/с № | Атауы | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Аяқ-қолды иммобилизациялау шиналары | ӘК ең жоғары жолаушылар сыйымдылығының 25% |
| 2 | Санитариялық зембілдер | ӘК ең жоғары жолаушылар сыйымдылығының 25% |
| 3 | Жұлын қалқаны | 3 данадан кем емес |
| 4 | Брезент төсемі 10х2 м | 2 данадан кем емес |
| 5 | Жылы көрпе | ӘК ең жоғары жолаушылар сыйымдылығының 25% |
| 6 | Бағандары бар шатыр (немесе үрлемелі) | 1 данадан кем емес |
| 7 | Маусымдық қызметтік киім жиынтығы | әрбір медицина қызметкеріне |
| 8 | Электр шамы | 3 данадан кем емес |
| 9 | Жиналмалы үстел | 1 данадан кем емес |
| 10 | Жиналмалы орындықтар | 4 данадан кем емес |

Фургонның жай-күйі мен жабдықталуын тексеру туралы белгімен бақыланады: медпункт меңгерушісі-ай сайын, ал азаматтық авиация ұйымының жетекшілік ететін басшысы-жарты жылда 1 рет;

фургонды жарақтандыру практикаға қазіргі заманғы тиімді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды енгізуді ескере отырып, сондай-ақ әуежайдың класына ( тобына) және жолаушылар ағынына байланысты өзгереді.

Азаматтық авиацияда
жолаушыларға медициналық
көмек көрсету қағидаларына
15-қосымша

**Жиналмалы сөмке жабдықтарының тізбесі**

Ескерту. Қағида 15-қосымшамен толықтырлыды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.03.2023 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 02.12.2024 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Р/с № | Атауы | Саны |
|---|---|---|
| 1 | Йод тұнбалары 10 мл. | 1 флакон |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Нашатыр спирті 10 мл. | 1 флакон |
| 3 | Этил спирті (медициналық) 70% | 100 г. |
| 4 | Кетопрофен инъекцияға арналған ерітінді 100 мг.-2 мл. (немесе аналогы) | 10 ампула |
| 5 | Пантенол (немесе аналогы) | 1 флакон |
| 6 | Димедрол ерітіндісі 1%- 1,0 | 10 ампула |
| 7 | Натрий хлорид инфузияға арналған ерітінді 0,9%–500 мл. | 2 флаконнан кем емес |
| 8 | Көктамыр ішіне құюға арналған бір реттік жүйе | 2 дана |
| 9 | "Ауызба-ауыз" жасанды тыныс алуға арналған ауа өткізгіші | 1 дана |
| 10 | Қан тоқтатуға арналған бұрау | 2 дана |
| 11 | Ауыздыкеңейткіш | 1 дана |
| 12 | Тілұстағыш | 1 дана |
| 13 | Қайшы | 1 дана |
| 14 | Үшкір скальпель | 1 дана |
| 15 | Хирургиялық пинцет | 1 дана |
| 16 | Қан тоқтататын қысқыштар | 3 дана |
| 17 | Бір рет қолданылатын шприцтер 5 мл | 10 дана |
| 18 | Гигроскопиялық мақта 250 г. ( зарарсыздандырылған) | 2 бума |
| 19 | 5x10 см зарарсыздандырылмаған бинттер | 20 дана |
| 20 | 7x14 см зарарсыздандырылған бинттер | 10 дана |
| 21 | Зарарсыздандырылған майлықтар 10x10см. | 2 бума |
| 22 | Түйреуіштері бар медициналық орамал | 15 дана |
| 23 | Зарарсыздандырылмаған сүлгілер | 8 дана |
| 24 | Зарарсыздандырылмаған жайма | 4 дана |
| 25 | Бұластыр 2x300см. | 2 дана |
| 26 | Қарындашпен блокнот | 1 жиынтық |
| 27 | Батареялары бар электр шамы ( маңдай) | 1 дана |
| 28 | Зардап шеккендерді біріздендіру карточкасы, немесе зардап шеккендерді біріздендіру үшін түсті карта, немесе түсті білезік | 10 дана |
| 29 | Викасол ерітіндісі 1% 1 мл. ( немесе аналогы) | 1 қаптама |
| 30 | Коллагенді гемостатикалық губка 50x50см. | 10 қаптама |

Жиынтықтардың (жинақтардың) жай-күйі мен жабдықталуы тексеру туралы белгімен бақыланады: медпункт меңгерушісі - ай сайын, ал азаматтық авиация ұйымының жетекшілік ететін басшысы-жарты жылда 1 рет;

жиынтықтарды (жинақтарды) жарақтандыру практикаға қазіргі заманғы тиімді дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды енгізуді ескере отырып, сондай-ақ әуежайдың класына (тобына)және жолаушылар ағынына байланысты өзгереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК